

**«Астана» халықаралық  
қаржы орталығы**

2020 жылғы «26» мамыр  
№ 126  
Нұр-Сұлтан қаласы

**Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлігі**

2020 жылғы «29» мамыр  
№ 547  
Нұр-Сұлтан қаласы



**Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика  
министрлігі**

2020 жылғы «12» маусым 2020  
№ 118  
Нұр-Сұлтан қаласы

**«Астана» халықаралық қаржы орталығының қатысушылары көрсететін,  
кірісі бойынша корпоративтік табыс салығын, қосылған құн салығын  
төлеуден босатылатын қаржылық қызметтердің  
тізбесін бекіту туралы**

**БІРЛЕСКЕН БҰЙРЫҚ**

«Астана» халықаралық қаржы орталығы туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 7 желтоқсандағы Конституциялық заңының 6-бабы 8-2-тармағының, 3-тармағының 5) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес «Астана» халықаралық қаржы орталығының қатысушылары көрсететін, кірісі бойынша корпоративтік табыс салығын, қосылған құн салығын төлеуден босатылатын қаржылық қызметтердің тізбесі бекітілсін.

2. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау «Астана» халықаралық қаржы орталығының Басқарушысына жүктелсін.

3. Осы бірлескен бұйрық оған тараптар қол қойған күннен бастап күшіне енеді.

**«Астана» халықаралық  
қаржы орталығының  
Басқарушысы  
2020 жылғы «26» мамыр**

\_\_\_\_\_ **Қ. Келімбетов**

**Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрі  
2020 жылғы «29» мамыр**

\_\_\_\_\_ **Е. Жамаубаев**

**Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика  
министрі  
2020 жылғы «12» маусым**

\_\_\_\_\_ **Р. Дәленов**

«Астана» халықаралық  
қаржы орталығы Басқарушысының  
2020 жылғы «26» мамыр № 126,  
Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің  
2020 жылғы «29» мамыр № 547,  
және Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
2020 жылғы «12» маусым № 118  
бірлескен бұйрығына қосымша

**«Астана» халықаралық қаржы орталығының қатысушылары  
көрсететін, кірісі бойынша корпоративтік табыс салығын,  
қосылған құн салығын төлеуден босатылатын  
қаржылық қызметтердің тізбесі**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы «Астана» халықаралық қаржы орталығының қатысушылары көрсететін, кірісі бойынша корпоративтік табыс салығын, қосылған құн салығын төлеуден босатылатын қаржылық қызметтердің тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) «Астана» халықаралық қаржы орталығы туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 7 желтоқсандағы Конституциялық заңының (бұдан әрі – Конституциялық заң) 6-бабы 3-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Конституциялық заңның 6-бабы 3 және 8-2-тармақтарын қолдану мақсатында әзірленді.

2. Тізбе «Астана» халықаралық қаржы орталығында (бұдан әрі – Орталық) тіркелген немесе Орталықтың қолданыстағы құқығына сәйкес Орталықтың қатысушылары ретінде аккредиттелген және Орталықтың Қаржылық қызметтерді көрсетуді реттеу жөніндегі комитетінің қаржылық қызметтер көрсетуге лицензиясын алған заңды тұлғаларға қатысты қолданылады және аталған қатысушылар Конституциялық заңның 6-бабы 3 және (немесе) 8-2-тармақтарын қолданған жағдайда олар үшін міндетті болып табылады.

**2-тарау. Тізбеде пайдаланылатын негізгі ұғымдар**

3. Тізбені қолдану мақсаттары үшін келесі негізгі ұғымдар мен қысқартулар пайдаланылады:

1) бағалы қағаздар – Орталықтың актілерімен айқындалған акциялар, борыштық бағалы қағаздар, инвестициялық қорлардағы пайлар, ислам бағалы қағаздары, туынды бағалы қағаздар және өзге де бағалы қағаздар;

2) банк шоты – корреспонденттік шот, ағымдағы шот, жинақ шот;

3) есептесу жүйесі – шоттардағы инвестицияларды аударуға және олар бойынша бағалы қағаздардың орталық депозитарийінің есепке алу жүйесіндегі оларға қатысты құқықтарды растау жолымен есеп айырысуды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін жүйе;

4) инвестициялар – бағалы қағаздар, туынды қаржы құралдары немесе цифрлық актив, сондай-ақ тиісті бағалы қағаздағы, туынды қаржы құралындағы немесе цифрлық активтегі құқық немесе үлес;

5) инвестициялық краудфандингтік платформа – эмитенттерге бизнесті немесе жобаны қаржыландыру үшін инвесторлардың қаражатын ұсыну мақсатында әлеуетті инвесторлар мен эмитенттердің бірігуіне ықпал ететін электронды платформа;

6) инвестициялық қор – ұжымдық инвестициялау мақсатында құрылатын қор;

7) исламдық қаржы келісімшарттары – мурабаха (тауарды өзіндік құнына тең бағамен және оған үстеме баға қосып сату), иджара (исламдық лизинг), мудараба (тараптардың бірі капитал ұсынатын, ал екінші тарап үлестік бөлікпен өлшенетін кірістің белгілі бір бөлігіне кәсіпкерлік қызмет жүргізетін кездегі бизнеске үлескерлік қатысу түрі), мушарака (екі немесе одан көп тарап капитал ұсынып, басқаруды жүзеге асыратын серіктестік туралы келісім), вакала (агенттік келісім) және Орталықтың актілерімен белгіленген исламдық қаржы келісімшарттарының басқа түрлері;

8) исламдық қаржыландыру – бір немесе бірнеше исламдық қаржы келісімшарттары негізінде қаржыландыру;

9) клиринг – мәмілеге қатысушылардың талаптары және (немесе) міндеттемелері туралы ақпаратты анықтау, тексеру және беру процесі;

10) қарыздық краудфандингтік платформа – әлеуетті қарыз алушылар мен кредит берушілерді біріктіруге ықпал ететін электронды платформа;

11) кредит шартын әкімшілендіру мыналар кіреді:

қарыз алушының немесе кредит берушінің атынан кредит шарты бойынша ақпарат беру немесе басқа міндеттемелерді орындау,

кредитті өтеу бойынша шаралар қабылдау,

қарыз алушының немесе кредит берушінің атынан қарыз кредит бойынша құқықтарды жүзеге асыру немесе міндеттемелерді орындау;

12) пайданы бөлетін инвестициялық шот – келісім шеңберінде басқарылатын және бір мезетте төмендегі шарттарға сәйкес келетін шот немесе портфель шеңберінде сақталатын, кез келген елдің немесе аумақтың валютасын қоса алғанда, кез-келген түрдегі мүлікке қатысты шот немесе портфель: инвестор алдын-ала белгіленген пайызға немесе арақатынас коэффициентіне сәйкес пайданы есепшот немесе портфель менеджерімен бөлісуге келіседі және

инвестор менеджердің тарапынан немқұрайдылық болмаған немесе шарт бұзылмаған жағдайда кез-келген шығынға жалғыз өзі ұшырайтынына келіседі;

13) пайданы бөлетін шектеулі инвестициялық шот – инвестор келісімнің шеңберінде шоттың менеджері үшін инвестициялау бойынша белгілі шектеулер орнататын пайданы бөлетін инвестициялық шот;

14) Ретакафул – исламдық қайта сақтандыру;

15) сенімгер меншік иесі – трастқа берілген мүлікке иелік етуші және бенефициарлардың мүддесі үшін немесе белгілі бір мақсат үшін құрылған трастқа қатысты сенімгерлік және басқа да фидуциарлық операциялармен байланысты қызметтер көрсететін тұлға;

16) Такафул – исламдық сақтандыру;

17) Траст – құрылтайшы меншік құқығын сенімгер меншік иесіне беретін мүліктен бенефициардың шарттық қатынастар (траст шарты) негізінде пайда алуға құқығы;

18) ұжымдық инвестициялар – тұлғалардың мүлікті сатып алуынан, сақтауынан, басқарудан немесе иелік етуден немесе осындай пайдадан не табыстан төленген сомаларға иелік етуден туындаған пайданы немесе табысты алуға қатысуы үшін инвестициялауға қатыстырылуына (мүліктің немесе оның кез келген бөлігінің меншік иесі болуына немесе басқа да түріне қарамастан) арналған мүмкіндіктерді қамтамасыз ету мақсаты немесе ниеті болып табылатын ақшалай қаражаттарды қоса алғанда, кез келген мүлікке қатысты инвестициялау;

19) электрондық платформа – веб-сайт немесе электрондық коммуникациялардың басқа нысаны;

20) цифрлық актив – цифрлық нысанда саудаласуға болатын және айырбас құралы немесе есеп айырысу ақша бірлігі немесе құнды сақтау құралы ретінде қызмет ететін; ақшаға (валютаға) айырбасталатын және кері айырбастала алатын, бірақ ешқандай юрисдикцияның үкіметі эмиссияламайтын және қамтамасыз етпейтін; жоғарыда аталған функцияларды цифрлық активтерді пайдаланушылар аясында ғана келісім бойынша орындайтын және ақшадан (валютадан) және электрондық ақшадан ерекшеленетін құнды білдірудің цифрлық құралы.

4. Тізбеде пайдаланылған Қазақстан Республикасының салықтық, азаматтық және басқа да заңнама салаларының өзге ұғымдары егер Конституциялық заңда, Орталық актілерінде және (немесе) Тізбеде өзгесі қарастырылмаса, Қазақстан Республикасы заңнамаларының осы салаларында пайдаланылған мағынада қолданылады.

**3-тарау. «Астана» халықаралық қаржы орталығының қатысушылары көрсететін, кірісі бойынша корпоративтік табыс салығын, қосылған құн салығын төлеуден босатылатын қаржылық қызметтердің тізбесі**

5. «Астана» халықаралық қаржы орталығының қатысушылары көрсететін, кірісі бойынша корпоративтік табыс салығын, қосылған құн салығын төлеуден босатылатын қаржылық қызметтерге төмендегілер жатады:

1) дилер ретінде инвестициялармен операциялар – дилер ретінде кез-келген инвестицияны сатып алу, сату, жазылу немесе кепілді орналастыру;

2) брокер ретінде инвестициялармен операциялар – брокер ретінде кез-келген инвестицияны сатып алу, сату, жазылу немесе кепілді орналастыру;

3) инвестицияларды басқару – басқа тұлғаға тиесілі инвестицияларды басқару;

4) ұжымдық инвестицияларды басқару (инвестициялық қорды басқару) – инвестициялық қорды құру, басқару, тарату немесе инвестициялық қорды басқарумен байланысты өзге де операцияларды жүзеге асыру.

Инвестициялық қорды басқаруға мыналар кіруі мүмкін: инвестицияларды басқару, инвестициялық қорды құру және қызметін сүйемелдеу бойынша қызметтер көрсету, дилер немесе брокер ретінде инвестициялармен операциялар жүргізу, инвестициялармен операцияларды ұйымдастыру немесе кастодиандық қызметтер көрсету;

5) кастодиандық қызметтер көрсету – басқа тұлғаға тиесілі инвестицияларды сақтауды қамтамасыз ету және әкімшілендіру, инвестициялық қордың мүлкін сақтауды қамтамасыз ету және әкімшілендіру, басқа тұлғаға тиесілі цифрлық активтерді сақтауды қамтамасыз ету және әкімшілендіру;

6) кастодиандық қызметтерді ұйымдастыру – кастодиандық қызметтерді көрсету мақсатында бір немесе бірнеше тұлғаға ұйымдастырушылық іс-шараларды қамтамасыз ету және мыналарды қамтуы мүмкін:

клиенттердің төлемдерін жинау және өңдеу;

кастодиан мен кастодиандық қызметті алушы тұлға арасындағы шарт талаптарын келісу және реттеу;

кастодиан мен клиент арасында мәліметтер беру;

7) трасттық қызметтер көрсету – трастты құруға қатысты қызметтер көрсету; кез-келген тұлғаға құрылған трастқа қатысты сенімгер меншік иесі ретінде әрекет ету мүмкіндігін қамтамасыз ету, құрылған трастқа қатысты сенімгер меншік иесі ретінде әрекет ету, құрылған трастқа қатысты қамқоршы немесе орындаушы ретінде әрекет ету;

8) инвестициялық қорды құру және қызметін сүйемелдеу бойынша қызметтер көрсету – инвестициялық қорға қатысты келесі қызметтер түрлерін көрсету:

жазылымды, өтеуді, акцияларды беруді және есеп айырысуды ұйымдастыруды қоса алғанда, операцияларға тапсырмаларды өңдеу;

активтерді бағалау және активтердің таза құнын есептеу;

акционерлер тізілімін және пай ұстаушылар мәліметтерінің тіркелімін жүргізу;

кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл бойынша заңнама талаптарын орындау;

операцияларды мониторингілеу және салыстырып тексеру бойынша функцияларды жүзеге асыру;

банктік қызметтер, қолма-қол ақшаны басқару, қазынашылық және шетел валютасын айырбастауға қатысты қызметті қамтамасыз ету;

қордың тіркелген аудиторы ретінде болуды қоспағанда, қаржылық есептілікті жасау;

қатысушылармен, инвестициялық қормен, басқарушы компаниямен және инвестициялар жөніндегі менеджерлермен, бастапқы брокерлермен, реттеуші органдармен және инвестициялық қорды құру және қызметін сүйемелдеу бойынша қызметтер көрсетуге қатысы бар кез келген басқа тараптармен коммуникация жүргізу;

9) инвестициялық қордың сенімгер меншік иесі ретінде қызметті жүзеге асыру – егер қор инвестициялық траст түрінде құрылса, пай ұстаушылар үшін траст негізінде инвестициялық қордың активтерін сақтау, инвестициялық қорды құруды және қызметін сүйемелдеуді және(немесе) кастодиандық қызметтерді ұсынуды қамтуы мүмкін;

10) инвестицияларды таңдау кезінде қызметтер көрсету – инвестор немесе әлеуетті инвесторға белгілі бір инвестицияларды таңдаған немесе сатып алу, сату, сақтау, жазылу немесе кепілді орналастыру мақсатында белгілі бір инвестицияларға қызығушылық танытқан кезде оларға қызмет көрсету;

11) инвестицияларды жүзеге асыруға арналған қызметтер көрсету – тұлғаға инвестицияларды сатып алу, сату, жазылу немесе кепілді түрде орналастыру мақсатында қызмет көрсету.

Инвестицияларды жүзеге асыруға арналған қызметтерге комиссияларды, жарналарды және өзге де төлемдерді жинау және өңдеу, эмитенттерге бағалы қағаздарды орналастыруға және инвесторларға бағалы қағаздарға жазылуға жәрдемдесу; эмитент пен инвесторлардың арасындағы шарттық қарым-қатынастардың шарттарын келісу және реттеу, транзакцияларға қатысты нұсқаулықтар мен растауларды беру кіруі мүмкін;

12) пайданы бөлетін шектелген инвестициялық шотты басқару – пайданы бөлінетін шектелген инвестициялық шот болып табылатын шотты немесе портфельді исламдық қаржылық шарттың негізінде басқару;

13) исламдық банк ісі – барлық әрекеттер исламдық қаржыландыру қағидаттарына сәйкес орындалуы тиіс шартымен ақшаны тарту, қабылдау және басқару немесе ақшалай қаражатты орналастыру немесе пайданы бөлетін шектелген инвестициялық шотты басқару арқылы исламдық қаржылық келісімшарттың негізінде дилер немесе брокер ретінде қаржыландыруды ұсыну немесе инвестициялар салу;

14) исламдық қаржыландыруды ұсыну – исламдық қаржы келісімшартын жасасу арқылы қаржыландыруды ұсыну;

15) сақтандыру брокерлік (агенттік) қызметтер көрсету – сақтандыру брокерінің немесе агентінің басқа тұлғаның атынан сақтандыру шартын сатып алуына немесе сатуына қатысты міндеттерді орындау; сақтандыру шарты

бойынша консультациялар беру, басқа тұлғаның атынан орындаушы немесе сақтандыру брокері немесе агенті ретінде сақтандыру шартын сатып алуды ұйымдастыру;

16) депозиттерді қабылдау – егер ақша немесе ақшалай қаражат басқа тұлғаларға қарызға берілсе немесе депозитті қабылдайтын тұлғаның кез келген қызметін толық немесе жартылай қаржыландыруға пайдаланылса, депозит ретінде алынған ақша немесе ақшалай қаражатты қабылдау. Депозиттерді қабылдау бойынша операцияларға банктік шоттарды ашу және жүргізу кіруі мүмкін;

17) кредит беру – басқа тұлғаны кредиттеу;

18) кредиттеуді таңдау кезінде қызметтер көрсету – қарыз алушы немесе әлеуетті қарыз алушыға кредиттеудің белгілі бір түрін таңдау бойынша шешім қабылдау кезінде қызметтер көрсету;

19) кредиттеуді жүзеге асыруға арналған қызметтер көрсету – бір немесе бірнеше тұлғаға кредиттеуді жүзеге асыруға арналған қызметтер көрсету. Қызметке комиссияларды, жарналарды және өзге де төлемдерді жинау және өндеу; кредиторға ақшалай қаражатты орналастыруға және қарыз алушыға кредиттеуді алуға жәрдемдесу, кредитор мен қарыз алушы арасындағы шарттық қарым-қатынастардың талаптарын келісу және реттеу, кредиттеуге қатысты нұсқаулар мен растауларды беру кіруі мүмкін;

20) төлем қызметтерін көрсету мыналар кіреді:

валюталарды айырбастау;

төлем карталарын қоса алғанда, төлем құралдарын сату немесе шығару;

бағасы бекітілген құралдарды сату немесе шығару;

банктік шотты қоса алғанда, есеп шотқа қаражатты аударумен қатар, пайдаланушының төлем ұйымы немесе басқа төлем ұйым арқылы төлем операцияларын жүзеге асыру – бір реттік тікелей дебеттерді қоса алғанда, тікелей дебеттерді жүзеге асыру немесе төлем картасы не ұқсас құрылғылардың көмегімен төлем операцияларын жүзеге асыру;

төлем қызметтерінің пайдаланушысына кредиттік желі бойынша берілген қаражатты аудару бойынша төлем операцияларын жүзеге асыру – бір реттік тікелей дебеттерді қоса алғанда, тікелей дебеттерді жүзеге асыру немесе төлем картасы не ұқсас құрылғылардың көмегімен төлем операцияларын жүзеге асыру;

ақша аударымдары;

төлем операциясын орындауға төлеушінің келісімі кез келген телекоммуникациялық, цифрлық немесе ақпараттық құрылғы арқылы ұсынылғанда, ал төлем төлем қызметтерінің пайдаланушысы және тауарлар мен қызметтердің жеткізушісі арасында делдал ретінде болатын телекоммуникациялық, ақпараттық жүйесінің немесе желісінің операторына жасалғанда, төлем операцияларын орындау;

электрондық ақшаны шығару және өтеу;

электрондық ақшаны және(немесе) бағасы бекітілген құралдарды, соның ішінде төлем карталарын өткізу (тарату);



электрондық ақшаны пайдаланып жасалатын төлемдерді қабылдау және өңдеу;

есептік шоттарға, соның ішінде үшінші тұлғалардың есептік шоттарына аудару үшін қолма-қол ақшаны қабылдау;

банктік шотты қоса алғанда, есептік шотты пайдаланып, төлемдерді және(немесе) ақша аударымдарын қабылдау және жүзеге асыру;

ақшаны жіберушіге банктік шотты ашпай төлемдерді орындау үшін қолма-қол ақша қабылдау;

банктік шот ашпай ақша аударымдарын жүзеге асыру;

есептік шотқа қызмет көрсету бойынша ақпараттық қызметтер;

21) сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын жасасу – орындаушы ретінде сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын жасасу;

22) сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын орындау – орындаушы ретінде сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын орындау;

23) сақтандыруды басқару – сақтандырушы немесе кэптивті сақтандыру компаниясы үшін немесе оның атынан орындаушы ретінде сақтандыру шартын жасасып жатқан немесе орындап жатқан осы сақтандырушының мақсаттары үшін андеррайтинг немесе әкімшілендіру міндеттерін орындау; андеррайтингті орындап жатқан сақтандырушы немесе кэптивті сақтандыру компаниясы үшін немесе оның атынан қайта сақтандыруды ұйымдастыру; Такафул оператор немесе кэптивті Такафул оператор үшін немесе оның атынан орындаушы ретінде Такафул шартын жасасып жатқан немесе орындап жатқан осы Такафул оператордың мақсаттары үшін андеррайтинг немесе әкімшілендіру функцияларын орындау; андеррайтингті орындап жатқан Такафул оператор немесе кэптивті Такафул оператор үшін немесе оның атынан Ретакафулды ұйымдастыру;

24) исламдық сақтандыру (Такафул), исламдық қайта сақтандыру (Ретакафул) – бір немесе екі операцияны да орындау бойынша қызмет:

орындаушы ретінде Такафул немесе Ретакафул шарттарын жасасу;

орындаушы ретінде Такафул немесе Ретакафул шарттарын орындау;

25) банктік шоттарды ашу және жүргізу – банктік шотты ашу және жүргізу, банктік шотқа қаражатты енгізу, сондай-ақ банктік шотты жүргізуге қажетті барлық операциялар, және(немесе) банктік шоттан қаражатты беру/алу, сондай-ақ банктік шотты жүргізуге қажетті барлық операциялар;

26) төлем жүйесін басқару – формалды және стандартталған уағдаласушылықтарға және төлем операциялары бойынша өңдеудің, клирингтің және(немесе) есептесудің жалпы қағидаларына сәйкес әрекет ететін ақша аударымдары жүйесін басқару;

27) биржаның қызметі – тұрақты жұмыс істейтін және осы алаңда сауда-саттыққа жіберілген немесе саудаланатын инвестицияларға қатысты шарт жасасу мақсатында биржаның қағидаларына сәйкес инвестицияларды сатып алатын немесе сататын үшінші тараптарды біріктіретін алаңды басқару. Биржаның қызметіне сауда-саттықты ұйымдастыру, техникалық

қамсыздандыру, брокерлер, дилерлер және өзге де биржаға қатысушылар үшін жалпы қағидаларды белгілеу кіруі мүмкін;

28) клирингтік палатаның қызметі – инвестициялармен мәмілелер бойынша растаулар, клиринг және(немесе) есептесулер қағидаларға сәйкес іске асырылатын алаңды басқару, осы қағиданың шеңберінде платформаны басқаратын тұлға орталық контрагентке айналады немесе мұндай тұлға орталық депозитарий де болып табылатындығына қарамастан есептік жүйені ұсынады;

29) қарыз краудфандингтік платформаны басқару – мыналар кіреді:

әлеуетті қарыз алушылар мен кредиторларды біріктіруге жәрдемдесетін электронды платформаны басқару;

электронды платформаны басқарудың нәтижесінде туындаған кредиттік шартты әкімшілендіру;

кредит беруші үшін кредиттік шарт бойынша оның құқығы мен міндеттерін беруді ұйымдастыру;

30) инвестициялық краудфандингтік платформаны басқару мыналар кіреді:

бизнесті немесе жобаны қаржыландыру үшін инвесторлардан эмитенттерге қаражат ұсыну мақсатында әлеуетті инвесторлар мен эмитенттерді біріктіруге жәрдемдесетін электронды платформаны басқару;

электронды платформаны басқарудың нәтижесінде туындаған инвестициялық шартты әкімшілендіру;

инвестордың инвестицияларын сатуды ұйымдастыру;

31) көпжақты сауда платформасын басқару – көпжақты сауда алаңын, яғни көпжақты сауда алаңының операторы белгілеген қағидаларға сәйкес осындай инвестицияларға қатысты шарттар жасасу мақсатында инвестицияларды, инвестицияларға құқықтарды және (немесе) инвестицияларға байланысты туындайтын төлемге құқықтарды сатып алатын және сататын бірнеше тараптарды біріктіретін жүйені басқару;

32) ұйымдастырылған сауда алаңын басқару – ұйымдастырылған сауда алаңын, яғни ұйымдастырылған сауда алаңының операторы белгілеген, осындай ұйымдастырылған сауда алаңының операторының қарауы бойынша сауда шешімдерін қабылдауға мүмкіндік беретін қағидаларға сәйкес осындай инвестицияларға қатысты шарттар жасасу мақсатында инвестицияларды, инвестицияларға құқықтарды және(немесе) инвестицияларға байланысты туындайтын төлемге құқықтарды сатып алатын және сататын бірнеше тараптарды біріктіретін жүйені басқару;

33) жеке қаржыландыру платформасын басқару мыналар кіреді:

тауарларды сату немесе қызмет көрсету нәтижесінде туындаған қарызды растайтын немесе жасайтын құралды тікелей немесе жанама сатып алу мақсатында бірнеше тарапты біріктіруге жәрдемдесетін электронды платформаны басқару;

делдалдық инвестициялық тетіктің көмегімен немесе басқа жолмен жеке қаржыландыру платформасын басқару жөніндегі қызметке жәрдемдесу

мақсатында тараппен шарттық қатынастардың пайда болуы және(немесе) пайда болуына жәрдемдесу;

жеке қаржыландыру платформасын басқару жөніндегі қызметке қатысты клиенттің қаражатын сақтау немесе оған иелік ету немесе кастодиандық қызметтерді ұйымдастыру;

делдалдық инвестициялық тетіктің көмегімен немесе басқа жолмен жеке қаржыландыру платформасын басқару жөніндегі қызметке жәрдемдесу мақсатында тараппен шарттық қатынастардың пайда болуы және(немесе) пайда болуына жәрдемдесу кезінде клиенттің қаражатын сақтау немесе оған иелік ету немесе кастодиандық қызметтерді ұйымдастыру.

34) цифрлық активтер платформасын басқару – (а) цифрлық активтерді ақшаға (валютаға) сатып алу, сату немесе айырбастау үшін; және/немесе (ә) цифрлық активтер платформасын басқаруды жүзеге асыратын тұлғаның қағидаларына сәйкес платформада бір цифрлық активті басқа цифрлық активке айырбастау үшін шарт жасасу мақсатында тұрақты түрде жұмыс істейтін және бірнеше тарапты (өз атынан немесе агент атынан әрекет ететін принципал ретінде әрекет ететін) біріктіретін электрондық платформаны басқаруды білдіреді.

6. Кірістері бойынша корпоративтік табыс салығын, қосымша құн салығын төлеуден босатылатын қаржылық қызметтер көрсететін Орталық қатысушысы салықтардың және бюджетке өзге де міндетті төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласында басшылық ететін мемлекеттік органмен келісім бойынша (қажет болған жағдайда) Орталықтың актісімен белгіленген нақты болу жөніндегі талаптарды сақтай отырып, бүкіл тиісті салық кезеңі ішінде Орталық аумағында қызметін жүзеге асыруға міндетті.

#### **4-тарау. Тізбені қолдану тәртібі**

7. Орталық органдары Тізбемен реттелмеген Тізбені қолдану мәселелері бойынша Конституциялық заңға қайшы келмейтін бөлікте:

1) Конституциялық заңның 6-бабы 3-тармағы 5)-тармақшасының негізінде бірлескен бұйрықпен бекіту арқылы Тізбеге өзгертулер мен толықтырулар енгізуге;

2) салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді қамтамасыз саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органмен келісу бойынша Тізбені және/немесе Тізбеде пайдаланылған ұғымдарды қолданумен байланысты Орталықтың актілерін қабылдауға;

3) құзыреті шегінде осы Тізбені қолдану бойынша түсіндірулер мен түсініктемелер беруге;

4) Орталықтың қатысушылары мен өтініш берушілерге семинарлар, отырыстар, кездесулер өткізе отырып, олардың интернет-ресурстар арқылы ақпараттарды тегін алуына, бұқаралық ақпарат құралдарын, ақпараттық стендтерді, буклеттер мен басқа да баспа материалдарын, сондай-ақ бейне-,

аудио- және ақпаратты тарату үшін қолданылатын басқа да техникалық құралдарды пайдалана отырып, ақпарат жариялауына жәрдемдесуге көмек құқылы.